3. Үкіметтің, орталық, жергілікті атқару органдарының, азаматтық қорғау саласындағы ұйымдардың бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауысу кезіндегі өкілеттігі.
4. Бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауысу кезіндегі азаматтық қорғаудың дайындық дәрежесі.

## Соғыс уақыты

«ҚР Қорғыныс және Қарулы Күштер туралы Заңы»
1-бап; 29-тармақ

**Соғыс уақыты** – мемлекеттің басқа елмен (*елдің тобымен*) соғыс жағдайында болған кезеңі. Соғыс жағдайы оны мемлекеттік биліктің әскери органы жариялаған сәттен не болмаса әскери әрекеттің іс жүзінде басталған сәтінен туындайды.





**Мобилизациялау кезеңі** - елдің бейбіт уақыттан, соғыс жағдайына ауысуы үшін талап етілетін мерзім.

## Соғыс жағдайы

Қазақстан Республикасы «Соғыс жағдайы туралы» Заңы

1-бап; 4-тармақ

**Соғыс жағдайы** – саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және басқа кешенді қарастыратын, Қазақстан Республикасы қарсы агрессияны немесе оның қауіпсіздігіне тікелей сыртқы қауіпті болдырмау үшін жағдай жасауға бағытталып Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағына немесе оның жекелеген жерлеріне енгізген ерекше құқықтық режим.





**Соғыс жағдайының шаралары (6-бап; 4-тармақ)**

1. Азаматтық қорғаныс шараларын жүргізу.
2. Халықты көшіру.
3. Ұйымдарды, азаматтарды қарсыластың қолданған қаруларының салдарын жою бойынша жұмысты орындау, қираған объектілерді қалпына келтіру, өртпен, індетпен (*эпидемиямен*), эпизоотиямен күрес.



## Азаматтық қорғаудың бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауысуы кезіндегі негізгі міндеттері :



**1. Басқару жүйелерін толық дайындыққа келтіру (*басқару органдары, басқару пункттері, хабарландыру мен байланыс жүйелері*) және АҚ штабтары мен құрылымдарының басшы құрамын дер кезінде хабарландырумен қамтамасыз ету.**

**2. Халықты қорғау бойынша шаралар жүргізу.**



**3. Салалар мен объектілердің қызметінің тұрақтылығын арттыру бойынша шараларды қамтамасыз ету.**

**4. Азаматтық қорғау құрылымдарын толық дайындыққа келтіру және АҚ ж ШЖ жүргізуге оларды дайындау.**

## Азаматтық қорғау жүйесінің дайындығы

**АҚ жүйесінің дайындығы қамтамасыз етіледі:**

**1. Басқару органдарын және АҚ құрылымдарын жеке құраммен, техникамен, мүлікпен толық штаттық толықтырылуымен.**



**2.Материалдық-техникалық құрал-жабдықтардың қажетті қорларының қолда болуымен.**



**3. Хабарландыру мен байланыстың тұрақты жүйесін құрумен.**



**4. Басқару органдары және АҚ құрылымдарының жеке құрамын оқытудың жоғары дәрежелілігімен.**

**5. Жеке құрамды қорғауды қамтамасыз етумен.**

## Азаматтық қорғау жүйесін соғыс жағдайына ауыстыру ерекшелігі

**АҚ жүйесін ауыстыру**

**1. Басқару органдарының, ұйымдардың, халықтың көп мөлшерінің қатысуы.**

**2. Шаралар көлемінің үлкендігі.**

**3. Шаралардың күрделілігі.**

**4.Жүзеге асыратын уақыттың шектеулігі.**

**5. Бүркемелеу шаралары мен қарсыластың барлауына қарсы әрекет етуді қадағалау.**

**6. Шаралардың құпиялығы.**





## Азаматтық қорғаудың соғыс жағдайына ауысуы кезіндегі ҚР Үкіметінің, ҚМ және ІІМ өкілеттігі

**ҚР Үкіметі**

1. АҚ жүйесін ауыстыру тәртібін анықтайды.
2. Эвакуация жүргізу тәртібін анықтайды.

**ҚР ІІМ (*ТЖК*)**

1. ҚР Азаматтық қорғанысының соғыс жоспарын әзірлейді.
2. АҚ әскери бөлімдері мен азаматтық қорғау басқару органдарының жауынгерлік және мобилизациялық дайындығын қамтамасыз етеді.

**ҚР ҚМ**

1. АҚ саласындағы уәкілетті органды және аумақтық құрылымдары арқылы жауынгерлік дайындық дәрежесін енгізу туралы, сондай-ақ мобилизацияның жарияланууы туралы хабарландыраны жеткізу.
2. Заманауи соққы беру құралдарын қолдану салдарлары-нан аумақты және халықты қорғау жөніндегі міндеттерді шешу кезінде ҚР ІІМ-мен өзара әрекеттестікте болады.



## Азаматтық қорғаныс шаралары

**19-21-баптар**

**Бейбіт уақытта (*алдын ала*) дайындық жасау:**

1. АҚ жоспарларын әзірлеу.
2. Хабарландыру, байланыс жүйелерін құру және дамыту.
3. АҚ күштерін құру, толымдау, дайындықта ұстау.
4. АҚ басқару органдарын дайындау, халықты қорғану тәсіліне үйрету.
5. АҚ ҚҒ құрылыстары мен қорын жинау, оларды дайындықта ұстау.
6. АҚ мүліктерін құру, жинау және жаңартып отыру.
7. Эвакошаралар жоспарлау.
8. Салалар мен ұйымдардың қызметін тұрақтандыру бойынша шараларды жоспарлау және орындау.

**АҚ ШАРАЛАРЫН ЖҮРГІЗЕДІ**

**ОАО, ЖАО, ҰЙЫМДАР** өз құзіреттері шегінде

Халықты, аумақты қорғау, әскери шиеленіс шығындары мен зияндарын азайту мақсатында:

**АҚ-ны әскери шиеленістердің басында енгізу немесе соғыс жағдайында енгізу:**

1. Қауіп туралы хабарлау және соққы берудің заманауи құралдарын қолдану, халықты ақпараттандыру.
2. АҚ ҚҒ-да халықты жасыру; қажет болған жағдайда ЖҚҚ пайдалану.
3. Жараланғандар мен зақымданғандарға дәрігерлік көмек көрсету.
4. Эвакошараларды өткізу.
5. АҚ хабарландыру және байланыс, қосымша басқару пункттерін құру.
6. Бұзылған хабарландыру және байланыс, басқару жүйелерін қалпына келтіру;
7. АҚҚ дайындығын қалпына келтіру.
8. АҚ ж ШЖ жүргізу.

## Азаматтық қорғаныс шараларын орындау

**Бейбіт уақыттан соғыс жағдайына ауысу кезінде АҚ шаралары мыналарға сәйкес жүргізіледі:**

1. ҚР АҚБ жарлығымен барлық аумаққа немесе жекелеген жерлерге.
2. АҚ дайындық дәрежесінің белгіленген шараларын орындау жолымен мобилизациялық міндеттерді ескере отырып.
3. Күнтізбелік жоспармен ретімен, немесе өткізілу дәрежесіндегі шараларды барынша жоғары дәрежеде орындаумен
4. Жоспарлармен: инженерлік , химиялық, радиацияға қарсы, медициналық қорғау, бөліп жайғастыру, эвакуациялау, тұрақтылық және т.б.





## Азаматтық қорғаныстың дайындық дәрежесі

1. **Күнделікті дайындық**
2. **Бірінші топтың алғашқы кезектегі шаралары (*АКШ-1*)**
3. **Екінші топтың алғашқы кезектегі шаралары (*АКШ-2)***
4. **Азаматтық қорғаныстың жалпы дайындығы (*ЖД*)**





**Дайындықтың әрбір дәрежесі бойынша шаралар өткізу мерзімі.**




### Халықты көшіру және қала сыртындағы аймаққа орналастыру:

- **Халқының саны 500 мыңға дейінгі қала;**
- **Халқының саны 500 мыңнан млн. дейінгі қала;**
- **Халқының саны 1 млн. артық қала (*дабыл алған кездегі*).**

## Бірінші топтың алғашқы кезектегі шаралары (*АКШ-1*)

**АКШ-1**

1. Басшы құрамды жинау, жағдайды жеткізу, тапсырма беру.
2. Тұрақты орналастыру орындарында басшы құрамдардан тәулік бойғы кезекшілік енгізу.
3. Хабарландыру және байланыс жүйесінің дайындығын тексеру.
4. АҚ жоспарын нақтылау.
5. Соғыс кезінде жұмыс істейтін объектілерде ҚҒ дайындыққа келтіру.
6. АҚ бойынша топтарға жататын қалалардың объектілерінде ЗЗ қорларын төмендетуге дайындық, АҚ бойынша топтарға жататын қалалардың объектілерінде ҚӘУЗ запастарын төмендету.
7. ЖҚҚ, РХҚ аспаптарын беруге дайындық (*оларды қол тигізбейтін запас қоймаларынан шығару*).
8. Жарықпен бүркемелеу және өртке қарсы қорғау тәртіптерін енгізу бойынша дайындық шараларын өткізу.
9. Маңызды объектілерге (*көпірлер, байланыс тораптары, платиналар*) күзетті күшейту.
10. АҚ штабтарын, СБҚЗ мекемелерін дайындыққа келтіру.
11. Мал шаруашылық ғимараттарын, жем-шөп және су қорларын жауып қорғау.

## Екінші топтың алғашқы кезектегі шаралары (*АКШ-2*)

**АКШ-2**

1. Басшы құрамды тәулік бойы жұмыс істеу тәртібіне көшіру (*ауысыммен*).
2. Басқару жүйелерін, байланысты толық дайындыққа келтіру; ҚСҚБП-не ЖД жіберу.
3. Жертөлелерді РҚП ретінде жабдықтау; Панаханаға қызмет көрсететін топтардың (*звенолардың*) тәулік бойғы күзетін қою.
4. АҚ барлық құрылымдарының дайындығын тексеру.
5. Панаханаларға медикаменттер мен азық-түліктерді қою.
6. АҚ топтарына жататын қалаларға ЖҚҚ, РХҚ аспаптарын беру.
7. Халыққа иммунитеттеу жүргізу.
9. Объектілердің тұрақтылығын арттыру бойынша шаралар өткізу.
10. Қауіпті аймақтағы персоналға РХ, медициналық қорғау құралдарын және бақылау дозиметрін беру.
11. РХҚ постарын ауыстыру, СБЗҚ тәулік бойы жұмыс істеу тәртібінде.
12. Соғыс уақытында жұмысын жалғастыратын, шаруашылықпен айналысатын объектілерде медициналық пункттер ашу.
13. АҚ топтарына жататын қалалардан медициналық мүлікті, азық-түлікті, өндіріс тауарларын, ЖЖМ-ды, бірегей туындыларды ҚА алып шығуға дайындау және алып шығу.
14. Эвакошаралар өткізу үшін ҚА-та көлік және коммуникацияны пайдалану тәртібін қорғаныс ісі жөніндегі бөліммен анықтау.
15. Қоғамдық тәптіпті және маңызды объектілерді күзетуді күшейту.
16. АҚ арнайы бағдарламасы бойынша халықты жедел дайындау.

### Азаматтық қорғаудың жалпы дайындығы (*АҚ ЖД*)




### Дайындық дәрежесі бойынша АҚ шараларын орындау

| № | Шаралардың атауы | Азаматтық қорғаныс дайындық дәрежесі | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Күнделікті» | АКШ-І | АКШ-ІІ | ЖД |
| 1 | Басшы құрам | Жеке дайындық, үйрену және жаттығулар | Жинау; тапсырмаларды қалалық БҚ-да тәулік бойғы кезекшілік, анықтау | Қалалық БП-ны тәулік бойы жұмыс істеуі (*ауысым бойынша*); ауыстыру ЖД-ны ҚБП-не жіберу; байланыс арнасы; | Жинақтауға дейін (*тарату*) соғыс уақытында штаттарға тарату; қорғалған басқару пунктіне (ҚБП) орналастыру; АҚ жоспарларын әрекетке енгізу. |
| 2 | ЖҚҚ | ЖҚҚ запастарын құру | Алып шығу тәртібін нақтылау; барлық басшы құрам үшін жетіспеген ЖҚҚ алу | Қоймадан халыққа беру пунктіне алып шығу | Халыққа ЖҚҚ беру |
| 3 | Панахана | Құрылыс және ҚҒ қорын құру | ҚҒ дайындыққа; келтіру; ҚҒ қызмет көрсету бойынша звеноларға тәулік бойғы кезекшілік енгізу | РҚП астындағы жертөлелерді жабдықтау; қарапайым панахана; БП-не азық-түлікті, медикаменттерді, суды енгізу | Паналаушыларды қабылдауға дайындық |
| 4 | Көшіру | Эвакошаралар ж/е эвакоорgандар жоспарын анықтау | Эвакуациялық шаралар жоспарын анықтау | Көшіру бағыттарын анықтау | ЭЖП; ОП; ТП ашу, көшіруге дайындық |

## Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

**1.** *Қазақстан Республикасының Конституциясы.*
**2. Тіркеу нөмірі № 001.** *ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы, 11.04.2014ж. 1–бөлім;*
*ҚР «Қарулы Күштер және қорғаныс туралы» Заңы, 07.01.2005ж.;*
**3. Реттік номері № 013.** *Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының Әскери Доктринасын бекіту туралы» № 554 Жарлығы.*

# 218 - ТАҚЫРЫП. ЖҰМЫЛДЫРУ ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН ЖҰМЫЛДЫРУ НЕГІЗІ

**ҚР ІІМ ТЖК «Азаматтық қорғау республикалық оқу-әдістемелік орталығы»**

***218- тақырып «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру негізі»***

**Оқу сұрақтары:**

1. **Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру принциптері.**
2. **Мемлекеттік органдардың өкілеттілігі, құзыреті, ұйым басшылары мен азаматтардың міндеттері.**
3. **Жұмылдыру тапсырмалары мен тапсырыстар.**
4. **Жұмылдыру түрлері.**
5. **Жұмылдыру дайындығы бойынша оқу.**

**Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру принциптері**

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

1.жұмылдыру дайындығын өткізудің міндеттілігі

**2.** жоспарланған шараларды ұйымдастыру мен өткізуге орталықтандырылған басшылық ету

**3.** белгіленетін шаралардың алдын ала жүргізілуі, жоспарлылығы және қамтамасыз етілуі

**4.** салалық және аумақтық шаралардың кешенділігі және өзара үйлестірілгендігі

**5.** шараларды ұйымдастыру мен өткізуді ұдайы бақылап отыру

**Жұмылдыру – бұл көшіру (аудару)**

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*
*ҚР «Соғыс жағдайы туралы» Заңы*

**Мемлекеттік органдарды**

**ҚР ӘҚ** (басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар)

**Аумақты және экономиканы**

**Ұйымдар мен халық**

**соғыс жағдайына**

***Соғыс жағдайы*** **–** Қазақстан Республикасына қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерді болдырмауға немесе оларға тойтарыс беруге жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекеленген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим.

## Жұмылдыру дайындығы

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Жұмылдыру дайындығы – бейбіт уақытта жүргізілетін іс-шаралар кешені, олар бағытталады:**

**1. Соғыс уақытында мемлекетті орнықты басқару**

**2. Ел экономикасын ҚР ҚК қажеттіліктерін қамтамасыз етуге ұйымдасқан түрде көшіру**

**3. Қарулы қорғауға және оның қорғанысына**

**4. Соғыс жағдайы мен соғыс уақытында, жұмылдыру кезеңінде аумақтың қызметін қамтамасыз ету**

## ҚР Президентінің өкілеттілігі

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы мемлекетік саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды;**

**Қазақстан Республикасына қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қауіп төнген ретте республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайына енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыру жариялайды және бұл туралы дереу республика Парламентіне хабарлайды;**

**Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын бекітеді;**

**Соғыс уақытында мемлекеттің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;**



## ҚР Парламенті өкілеттігі

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*



**Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мәселелері бойынша заңдар мен қаулылар қабылдайды;**

**Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды қаржыландыру бөлігінде республикалық бюджетті бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;**

**Қазақстан Республикасының жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарын (келісімдерін) бекітеді және олардың күшін жояды;**

**Соғыс және бітім мәселелері жөнінде шешім қабылдайды.**

## ҚР Үкіметінің құзыреті

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Мемлекеттік органдардың жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы қызметін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты жүзеге асырады;**

**Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарын әзірлеу мен орындауды ұйымдастырады;**

**ұйымдардың Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарында көзделген жұмылдыру тапсырыстарын орындау тәртібін белгілейді;**

**Соғыс уақытында Қазақстан Республикасының халқын жабдықтау нормаларын, тамақтандыруды және сауда-саттықты ұйымдастыру тәртібін бекітеді;**

**тауарларды өндірудің, жұмыстарды орындау мен қызметтерді көрсетудің Қазақстан Республикасының жұмылдыру жоспарында көзделген тиісті кезеңге арналған жоспарын бекітеді;**



**ҚР Президентіне тікелей бағынатын ОАО құзыреті**

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемі жөнінде ұсыныстар енгізеді;**

**Жұмылдыру дайындығын жоспарлайды, ұйымдастырады және оған басшылық жүргізеді, жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігін бағалауды жүргізеді;**

**ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасасады;**

**Қазақсстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасап отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындық жөніндегі шараларды жүргізеді;**

**(*бас прокуратура, ҰҚК, Ұлттықбанк, Конституциялық сот және т.б.*)**




## Әкімдіктердің құзыреті (ЖАО)

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*



**Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру бойынша іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;**

**Жергілікті әскери басқару органдарына олардың бейбіт уақыттағы және жұмылдыру жарияланған кездегі жұмысына жәрдем көрсетеді;**

**Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;**

**Мемлекеттік органдар мен ұйымдарды жұмылдыру соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында жұмыс істеуге көшіру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етеді;**

**Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шақырылуға жататын азаматтарды уақытылы құлақтандыруды және жеткізуді, жиналу пункттеріне немесе әскери бөлімдерге және арнаулы мемлекеттік орандарға техника беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;**

**Арнайы құрылымдар құрады және Қарулы Күштер міндеттерін орындау үшін, оның қызметін қамтамасыз етеді, сонымен қатар соғыс жағдайы мен соғыс уақытында жұмылдыру кезеңінде экономика мен халық тіршілігін үздіксіз қамтамасыз ету үшін ;**

**Ұйым басшыларының міндеттері**

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

Жұмылдыру дайындығының жай-күйі, жұмылдыру дайындығы мүдделерінде жасалған шарттар (келісім-шарттар) мен тапсырыстардың орындалуы үшін жеке жауап береді;

Өндірісті жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытына арналған тапсырыстарды орындау жөніндегі шарт міндеттемелерін орындау мақсатында дайындауды жүзеге асырады;

Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру мүдделерінде шарттарға (келісім-шарттарға) сәйкес тауарлар шығаруға, жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге арналған тапсырыстарды орындайды;

Әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және жүргізеді;

Ұйымдардан жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында арналаған мемлекеттік қорғаныс мүдделері көзделген мемлекеттік тапсырмаларды орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.





## Азаматтардың міндеттері

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*





Тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұруға;

өзінің әскери қызметке қатыстылығын анықтау үшін шақыру бойынша жергілікті әскери басқару органдарына келуге;

жұмылдыру соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында қорғаныс мұқтаждарына жер учаскелерін, үйлерді, ғимараттарды, көлік құралдарын және өздерінің меншігіндегі басқа да мүлікті белгіленген тәртіппен беруге;

Қазақстан Республикасының азаматтары соғыс жағдайы бойынша және соғыс уақытында мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы жұмыстарды орыдауға тартылады, сондай-ақ белгіленген тәртіппен арнаулы құрамаларға қосылады;

Әскери есепте тұрған азаматтарға жұмылдыру жарияланған кезден бастап тұрғылықты жерінен жергілікті әскери басқару органы басшысының рұқсатынсыз кетіп қалуға тыйым салынады.

## Іске асыруға бағытталған елдің жұмылдыру жоспары

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

ҚР ҚК жұмылдыруды күшейту

экономиканы көшіру

аумақты

ұйымды және халықты

Жұмылдыру кезеңі мен соғыс жағдайында

**Мемлекеттік органның жұмылдыру жоспары– мемлекеттік органның жұмылдыру тапсырмасын (*ұйым үшін жұмылдыру тапсырысы*) орындау үшін іске асыратын іс-шараларының мазмұнын, көлемін, тәртібі мен уақытын анықтайтын құжаттардың жиынтығы**

## Жұмылдыру жоспары

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Мемлекеттік органның жұмылдыру жоспары** –мемлекетік органның жұмылдыру тапсырмасын орындау үшін іске асыратын іс-шараларының мазмұнын, көлемін, тәртібі мен уақытын анықтайтын құжаттардың жиынтығы.

**Ұйымның жұмылдыру жоспары– жұмылдыру тапсырысын** орындау үшін ұйымның іс-шараларының мұзмұнын, көлемін, тәртібін және уақытын анықтайтын құжаттар жиынтығы.

**Сәйкес кезеңге тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау мен қызмет көрсету жоспары** - Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың, арнайы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы халқының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін ұйымдарға жұмылдыру тапсырысын белгілейтін және жұмылдыру кезеңінде, соғыс жағдайы мен соғы уақытында әкімшілік-аумақтық берліктерін қамтамасыз ету жоспары.

## Ішінара және жалпы жұмылдыру

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Ішінара жұмылдыру – бөлек аумақта қандай да бір міндетті орыдау үшін өткізілуі мүмкін немесе Қарулы Күштердің әскери дайындығын, оның бөлек құрылымдарының, біріктірулерінің және т.с.с. дайындығын жоғарлату мақсатында жүргізіледі. Запастағы тұлғалар немесе денсаулығы бойынша жарамды адамдар шақырылады.**

**Жалпы жұмылдыру- елдің барлық аумағында соғыс жағдайын жариялап, соғыс жағдайын енгізгеннен кейін мемлекеттің толық масштабында жүргізіледі. Запастағы барлық санаттағы әскери міндетті азаматтарға толық жұмылдыру қатысты, оған тек жұмылдыру туралы бұйрықта арнайы келісілгендер кірмейді.**

## Жұмылдыру тапсырмасы мен тапсырыстары

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*



**Жұмылдыру тапсырмасы – мемлкеттік органдарға жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында мемлекеттің орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған іс-шараларды орындауға берілген тапсырма**

**Жұмылдыру тапсырысы**– ұйымдарға жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында белгілі бір номенклатурада тауарлар өндіруге, жұмыстар орындауға және қызметтер көрсетуге, олардың мөлшері мен сапасына, арнаулы құралымдар құруға берілетін мемлекеттік тапсырыс ;



## Жұмылдыру органдары

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Жұмылдыру органдары (*бөлімшелер немесе жекелеген қызметкерлер*) құрады** →

- Жұмылдыру тапсырмасы бар мемлекеттік органдар
- Жұмылдыру тапсырысы бар ұйымдар

**Олар жұмылдыру дайындығы бойынша бейбіт уақытта іс-шаралардың өткізілуін ұйымдастыру, үйлестіру және бақылауға арналған.**

**Жұмылдыру органдарының (бөлімшелерінің немесе жекелеген қызметкерлердің) құрылымы, штат саны, өкілеттігі осы тапсырыстардың (тапсырмалардың) сипаты мен ауқымы тұрғысынан айқындалады.**

## Жұмылдыру дайындығын оқыту түрлері

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*



**Әскери-экономикалық оқыту – соғыс жағдайы мен соғыс уақытында жұмылдыру кезеңінде мемлекеттің қызметі үшін мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, әкімшілк-аумақтық бірліктің, халықтың және Қарулы күштердің арнайы мемлекеттік органдардың дайындық түрі ;**

**Командалық-штабтық оқу– соғыс жағдайы мен соғыс уақытында жұмылдыру кезеңінде Қарулы Күштердің басшылық құрамының, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың , арнайы мемлекеттік органдардың, әкімшілік-аумақтық бірлектерді басқару бойынша келісілген іс-әрекетіне біріге отырып дайындалу**



## Әскери міндеттілерді бекіту

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

| | |
|---|---|
| **басшылары** | **мамандар** |
| **Жоғары санатталған жұмысшылар** | **Жоғары санатталған қызметкерлер** |

Бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мамандықтардың тізбесін әскери міндеттілерді бекітіп қою жөніндегі республикалық комиссия бекітеді. Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға әскери міндеттілерді бекітіп қою, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға бекітіп қойылған әскери міндеттілер өздеріне берілген кейінгі қалдыру мерзімінің қолданыстағы уақытында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы шақырудан босатылады.

## Жұмылдыру резерві

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*



**Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету, экономиканың жұмылдыру мұқтаждарын қанағаттандыру үшін тек жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында ғана пайдаланылады.**

**Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған жағдайы және тәртіппен төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдану бейбіт уақытта пайдаланылуы мүмкін.**



## Жұмылдыру резервіне не кіреді

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*





***мемлекеттің жұмылдыру қажеттілігі үшін материалдық құндылықтар мен материалдар қоры арналған:***

**- әскери және басқа да өндірістік өнімді күшейтуді қамтамасыз ету;**

**- ерекше кезеңде әскери техника мен мүлікті жөндеу;**

**-Өндірістің, көлік пен байланыстың, медициналық көмек көрсету үшін, темір жолды және көлік жолдарын, теңіз және өзен порттарын аэродромдарды, байланыс желілері мен құрылыстарын, газ құрылғыларын, мұнай өнімі құрылғыларын, қуатпен және сумен қамтамасыз етуді қалпына келтіру бойынша соғыс уақытында күшейту жұмыстары;**

## Жұмылдыру күштері

*ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы*

**Жұмылдыру тапсырысын орындау үшін арналған**

1.өндірістік алаңдар

2. технологиялық қондырғылар

2. инженерлік-техникалық және басқа құжаттар

**Экономиканың жұмылдыру дайындығы, соғыс жағдайы кезеңі мен соғыс уақытында жұмылдыру кезеңінде елдің қабілетін сипаттайтын қарулы күштердің қажеттілігін уақытылы іске асыруды сипаттайтын қорғаныс ұйымы мен мемлекеттің қауіпсіздігінің маңызды құрылымы бөлімі болып табылады;**

**Мүліктерді құжаттаудың сақтандыру қоры**

***ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Заңы***

**1.Қаруландыру**

**2.Әскери техника**

**3. Маңызды азаматтық өнім**

**4.Қатерлілігі жоғары объектідегі жобалық құжат**

**5. Тіршілікті қамтамасыз ететін объектілер**

**6. Ұлттық игілік болып табылатын объектілер**

Пайдалануға арналмаған және қауіпсіз жерде аса мұқиятты сақтау үшін аса құнды құжаттарды сақтау мақсатында құрылатын микро немесе электронды қор.

## <u>Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:</u>

**1. Тіркеу нөмірі № 001.** *ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы, 11.04.2014ж.*

**2. Тіркеу нөмірі № 003.** *«АҚ шараларын енгізу және ұйымдастыру қағидасы» ҚР ІІМ 2019 жылғы 18 наурыздағы №209 бұйрығы.*

**3. Тіркеу нөмірі № 006.** *«АҚ инженерлік-техникалық іс-шараларының көлемі мен мазмұны» ҚР ІІМ 24.10.2014 ж.№732 бұйрығы.*

***<u>Қосымша әдебиеттер:</u>***

*1. Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 18 наурыздағы № 236-VI ҚРЗ.*

# 219 - ТАҚЫРЫП. АҚ БОЙЫНША САНАТҚА ЖАТАТЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН БЕКІТІП ҚОЮДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**219-тақырып «Азаматтық қорғаныс бойынша санатқа жататын ұйымдардың жұмысшылары мен қызметкерлерін бекітіп қоюды ұйымдастыру»**

**Оқу сұрақтары:**

1.Әскери міндеттілерді бекітіп қою мәселесі бойыншаҚазақстан Республикасының басшылыққа алатын құжаттары .

2. Бекіту, бекітіп қою түсініктемесі, әскери міндеттілерді бектіп қоюды орындауы кезіндегі міндеттер мен негізгі жүргізілетін іс-шаралар.

3. Ережелер, ұйымдардағы әскери міндеттілердің жұмыс тәртібі мен оларды бекітіп қою жағдайы, ұйым басшысының міндеттері.

4. Ұйымның әскери міндеттілерін бекітіп қою бойынша құжаттар.





Бекітіп қою бойынша басшылыққа алынатын құжаттар

Қазақстан Республикасның аумағында әскери міндеттілерді бекітіп қою мәселесі төменде берілген нормативті-құқықтық актілермен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» заңы
- Қазақстан Республикасы «Бекітіп қою тәртібін бекіту туралы» Үкіметтің Қаулысы
- «Бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мамандықтар тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының мем. ком. бекіту бойынша Қаулысы







Бекіту, бекітіп қою түсініктемелері, міндеттер және негізгі іс-шаралар

**ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» заңы. 1, 4, 18-бап**

**Бекіту** – мамандығында қажеттілік туындауына байланысы әскердегі қызметінінен босату.

**Әскери міндеттілерді бекітіп қою** – бұл әскери жағдай мен әскери уақытта жұмылдыру кезеңінде үздіксіз жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін, еңбек ресурстарын мемелекеттік органдар мен ұйымдар бекітеді. Бұдан басқа, жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру бойынша іс-шараларға әскери міндеттілерді бекітіп қою да кіреді. Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға бекітіп қойылған әскери міндеттілер өздеріне берілген кейінге қалдыру мерзімінің қолданыстағы уақытында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңіндегі және соғыс уақытындағы шақырудан босатылады.

**Әскери міндеттілерді бекітіп қоюдың негізгі міндеттері,** Қарулы Күштер, сонымен қатар басқа әскерлерге, запасы (резервы) бар, атқарушы билік органдары және мемлекеттік билік органдары, жергілікті басқару органдары мен кәсіпорындары арасында алдын ала және рационалды бөлу арқылы жұмылдыру кезінде және әскери уақытта мемлекеттік үкімет органдарына, жергілікті өзін-өзі басқарушы органдарға, сонымен қатар кәсіпорындарға басшыларды, мамандарды, жоғарғы санаттағы жұмсшыларды және әскери міндеттілер арасындағы қызметкерлерді бекіту.

3

## Бекіту, бекітіп қою түсініктері, міндеттер мен негізгі іс-шаралар

**«Әскери міндеттілерді бекітіп қою тәртібін бекіту туралы»**
**ҚР Үкіметінің Қаулысы**
**Мемлекетті органдар мен ұйымдар іске асырады:**

Ә/м бекітіп қою бойынша рәсімдеу және сәйкес құжаттарды енгізу.

2. Ұйымның тіркелген жері бойынша ӘБЖБ-ға ә/м бектіп қоюды рәсімдеу .

3. Жұмыс істеп жатқан және бекітіп қойған әскери міндеттілерді есептеуді енгізу.

4. 1 қаңтарға және оларды ӘЖБҒ-ға ұсыну бойынша жұмыс істеп жатқан және бекітіліп қойған ә/м саны туралы мәліметті жыл сайын құрастыру .

5. Куәліктерді қолға беру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және ай сайын анықтап отыру.

6. Жұмыс орны бойынша бекітіліп қойған әскери міндеттілерге әскери жағдай мен әскери уақытта жұмылдыру жарияланған кезде куәліктерін қолдарына беру.

4

## Бекітіп қою басшылығы мен жағдайы

**ҚР «Жұмылдырау дайындығы мен жұмылдыру туралы» заңы 7, 10, 18-бап**

ҚР «Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» заңының 15-тарауының 7- бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Үкіметі әскери міндеттілерді бекітіп қоюбойынша Республикалық комиссия құрады. Осы комиссия ҚР аумағында әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша басшылықты іске асырады, сонымен қатар бөлек нөмірлер беріп, бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мамандықтардың тізімін бекітеді.

Жоғарыда берілген Заңның 10-бабына сәйкес, ұйымдардың басшылары бекітіп қою бойынша жұмысарды ұйымдастырып, оларды өткізуі керек. Әскери міндеттілерді бекітіп қоюға жауапты тұлғаларды тағайындайды, ұйымның ерекшелігін есепке ала отырып, ұйымдық әдіске сәйкес ережені бекітеді және аудан басқарамасындағы (*облыстық мәні бар қаладан*) қызмет көрсететін ӘБЖБ-дан қатал есеп бланкін алады.

Бекітіп қою бойынша жұмыс жүргізуде, мемлекеттік орган мен ұйым басшылары басшылыққа алады:

↓ Қ бойынша МК бекіткен тізімді

↓ Қ бойынша МК Қаулысы мен бұйрығымен азаматтарды бекітіп қою бойынша реттейтін жағдай мен тәртіпті

↓ Қ бойынша МК Қаулысы мен бұйрығының дербес кейінге шегеру ұсынысы мен тізімдегі өзгерісер мен толықтыруларды

## Бекітіп қою басшылығы мен жағдайы

**Бекітіп қою бойынша ҚР Мемлекетік комиссиясы Қаулысы**

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар үшін бекітіліп қойылған әскери міндеттілердің санын, жұмыс істеушілердің жалпы санының 65%- аспайтындай етіп, Мемлекеттік комиисия анықтайды.

2. Әскери атағына, құрамына, жасына қарамастан, ғылым докторы ғылыми дәрежесі бар және лауазымды тұлға бола тұра, шақыруды кейінге шегеру ұсынылады.

3.Денсаулығына байланысты әскери қызметке жарамсыз шақырылғандарды, бекітіп қою бойынша ҚР Мем. комиссиясы бекіткен Тізімімен қарастырылған лауазымдар, мамандықтар бойынша құрам мен жасы, әскери атағына қарамастан, шақыруды кейінге шегеру ұсынылады.

4. Әскери есепте тұрған 27 мен 50 ас аралығындағы жауынгерлер, кемеші, сержант, старшиналарға шақыруды кейінге шегеру ұсынылады.

5. 29 бен 60 жас аралығындағы офицерлер құрамына да.

6. Әскери міндеті әйел адамдар:

- 35 жасқа дейінгі жауынгерлер *(кемешілер),* сержанттар *(старшиналар)* құрамы үшін*;*
- 45 жасқа дейінгі офицерлер құрамы үшін.

Бекітіп қоюға жататын лауазымдар мен мамандықтар тізімі

**Бекітіп қою бойынша ҚР Мемлекеттік комиссиясы қаулысы «Қайнар АКБ» ЖШС-да жұмыс істейтін әскери міндеттілерді бекітіп қою бойынша лауазымдар мен мамандықтар**

**Тізімі**

| № | Әскери міндеттілерді ӘҚ шақыруды кейінге шегеру ұсынылатын лауазымдар мен мамандықтар атауы, басқа әскерлер және әскери құрылымдар | Әскери есепте тұрғандарға шақыруды кейінге шегеру ұсынылады | |
|---|---|---|---|
| | | Жауынгерлерге, сержанттарға | Мамандық бойынша офицерлерге |
| 1. | Бас директор | барлығына | әскери атағына қарамастан |
| 2. | Бас директор орынбасары | барлығына | полковникке дейін |
| 3. | Бас инженер | барлығына | полковникке дейін |
| 4. | Бас инженер орынбасары | барлығына | майорға дейін |
| 5. | Бөлім бастығы, инженерлер, техниктер, цех бастықтары | барлығына | капитанға дейін |
| 6. | Шеберлер, бригадирлер | барлығына | аға лейтенантқа дейін |
| 7. | Барлық дәрежедегі жұмысшылар | барлығына | лейтенантқа дейін |

Ұйымның әскери міндеттілерін бекітіп қою бойынша құжаттар

**«Әскери міндеттілерді бекітіп қою ережесін бекіту туралы» ҚРҮ Қаулысы**

1. Ұйымда жұмыс істейтін әскери міндеттілерді бектіп қою бойынша лауазымдар мен мамандықтар тізімі.
2. Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдарға соғыс жағдайында және соғыс уақытында жұмылдыру бойынша шақыруды кейінге шегеру куәлігі.
3. Арнайы әскери есепке алынғаны туралы хабарлама.
4. Жұмыс істеп жатқан және бекітіліп қойған әскери міндеттілердің саны туралы жиынтық мәліметтер.
5. Жұмыс істеп жатқан және бекітіліп қойған әскери міндеттілер мен жұмысшылардың саны туралы мәліметтер.
6. Қатал есеп бланкінің есеп кітапшасы.
7. Бекітіліп қойған әскери міндеттілер мен жұмысшыларды шақыруды кейінге шегеру туралы куәлік беру тізімдемесі.
8. Әскери жағдайда және әскери уақытта жұмылдыру кезінде шақыруды кейінге шегеру куәлігін тапсыру бойынша іс-шаралар жоспары.
9. Бекітіліп қойылған әскери міндеттілер мен жұмысшыларды шаыруды кейінге шегеру туралы куәлікті беру тізімдемесі.
10. Запастағы әскери міндеттілерді, әскерге шақырылушыны және бекітіп қоюдың әскери есебінің қалпын тексеру журналы.

## Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

**1. Тіркеу нөмірі № 001.** «*Жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы N 127 Заңы.*

# 221 - ТАҚЫРЫП. АҚ БОЙЫНША ӘРТҮРЛІ САНАТТАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ. ОБЪЕКТІДЕ ОҚУ МЕН ЖАТТЫҒУДЫ ӨТКІЗУ









## ОҚУ МЕН ЖАТТЫҒУЛАР ТҮРЛЕРІ

*«Оқу және жаттығуды өткізу, сондай-ақ ТЖ жағдайындағы іс-әрекеттерге азаматтық қорғаудың лауазымды тұлғалары мен жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту жөніндегі ұсыныс», ҚР ІІМ ТЖК №29-5-1/167 және 20.01.2016ж. келісілген*

**Оқытылатын санаттың тартылу масштабына байланысты, азаматтық қорғау жөніндегі оқу мен жаттығулар келесіге бөлінеді:**



1. Кешенді оқыту (КО)
2. Объектілік жаттығулар (ОЖ)
3. Командалық-штабтық жаттығулар (КШЖ)
4. Штабтық жаттығулар (ШЖ)
5. Тактикалық-арнайы оқулар (ТАЖ)
6. Авариялық жағдайлар бойынша сейсмо, сел жаттығулары





## ОҚУ ЖӘНЕ ЖАТТЫҒУ МЕРЗІМДІЛІІ

*«Оқу және жаттығуды өткізу, сондай-ақ ТЖ жағдайындағы іс-әрекеттерге азаматтық қорғаудың лауазымды тұлғалары мен жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту жөніндегі ұсыныс», ҚР ІІМ ТЖК №29-5-1/167 және 20.01.2016ж. келісілген*

| Кешенді оқыту (КО) | Объектілік жаттығулар (ОЖ) | Командалық – штабтық оқу (КШО) |
|---|---|---|
| ТЖ-ны және оның салдарларын жоюға ұйыдарға жақын жерде тұратын халықты, қызметкерлерді және жұмысшыларды, АҚ құрылымдарын, басқару органдарын, басшы құрамды дайындау | Бейбіт уақыттағы ТЖ жағдайларында әрекет етуге 300 адамнан кем емес жұмысшы жұмыс істейтін ұйымдарды, мекелерді, кәсіпорындарды және оқу орындарын дайындау. ОЖ-да «АҚ жоспарында» және «ТЖ алдын алу және жою жөніндегі әрекет ету жоспарында» қарастырылған, тек қана жекелеген тәжірибелік шаралар орындалады | АҚ бастықтарын, АҚ күштері мен басқару оргадарының лауазымды тұлғаларын және басшыларын, қызмет бастықтарын және АҚ құрылымдары кмандирлерін ТЖ жоға және АҚ шараларын орындауға дайындау |
| 3 жылда бір реттен кем емес | жылына бір реттен кем емес | жыл сайын |

## ОҚУ ЖӘНЕ ЖАТТЫҒУ МЕРЗІМДІЛІГІ

*«Оқу және жаттығуды өткізу, сондай-ақ ТЖ жағдайындағы іс-әрекеттерге азаматтық қорғаудың лауазымды тұлғалары мен жұмыс істейтін қызметкерлерді оқыту жөніндегі ұсыныс», ҚР ІІМ ТЖК №29-5-1/167 және 20.01.2016ж. келісілген*

| Тактикалық-арнайы оқу (ТАО) | Штабтық жаттығулар (ШЖ) |
|---|---|
| Бейбіт және соғыс уақытта арналуы бойынша міндеттерді орындау үшін АҚ құрылымдарының дайындығы | ұйым АҚ жоспарының шынайылығын тексеру үшін |
| - үнемі дайындықтағы құрылымдармен – жыл сайын; – басқа құрылымдармен – үш жылда бір рет | ОАО және ЖАО, олардың ведомствалық бағынышты ұйымдарына - жыл сайын. ОАО басшылық құрамына - 2 жылда 1 рет (қосымша басқару пунктіне шығумен) |







## ОҚУ МЕН ЖАТТЫҒУЛАРДЫ ӨТКІЗУ

*«АҚМЖ қызметі және ұйымдастыру қағидалары»*
*ҚР ІІМ бекіткен 24.02.2015ж. №149. 4- бөлім, 16- тармақша.*





**АҚМЖ ұйымдарын кемелдендіру мақсатында:**

**жыл сайын**

**Оның шағын жүйелері мен звеноларында жоспарланады және өткізіледі**



**оқу**

**жаттығулар**



***Оқу мен жатығулардвң түрлерін, олардың мерзімін, масштабтарын және өткізу жоспарлары тиісті бірінші басшылар- азаматтық қорғаныс бастықтары бекітеді.***

## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ОҚЫТУ, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМДІ НАСИХАТТАУ

**Хабарландыру жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылады**

47 – бап, 1-тармақша



**АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМДІ НАСИХАТТАУ**

**Эфирлік TV**
*(бейнелер, ТЖ туралы жаңалықтар, ТЖ жайлы арнайы хабарлар)*



**Баспасөз**
*(ТЖ туралы мақалалар, жаднамалар)*



**Радио**
*(ТЖ жайлы арнайы хабар тарату)*



**Кабельдік TV**
*(ТЖ жайлы арнайы хабар )*



**Интернет-ресурстар**
*(Қауіпсіздік ережелері, ТЖ жайлы ақпараттар)*



## АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА ОҚЫТУ, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМДІ НАСИХАТТАУ

47 – бап, 3-4-тармақшалар

**АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМДІ НАСИХАТТАУ**

**ТЖ саласындағы уәкілетті орган** ***(ҚР ІІМ ТЖК)***

**ОАО, ЖАО** ***(Министрліктер, Әкімдіктер)***

**Ұйымдар**

**Қоғамдық бірлестіктер**

## <u>Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі:</u>

**1. Тіркеу нөмірі № 001.** *ҚР «Азаматтық қорғау туралы» Заңы, 11.04.2014ж.*
**2. Тіркеу нөмірі № 002.** *«Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және оның қызметі қағидалары» ҚР ІІМ 2015 жылғы 24 ақпандағы №149 бұйрығы.*
**3. Тіркеу нөмірі № 004.** *«Азаматтық қорғау құрылымдарын құру, ұстау, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, дайындау және оларды тарту қағидалары» ҚР ІІМ 23.04.2015 ж.№387 бұйрығы.*
**4. Тіркеу нөмірі № 030.** *«Азаматтық қорғау саласында халықты оқыту және білімді насихаттау, ақпараттандыру бойынша нормативтік-құқықтық актілер» ҚР ІІМ 20.04.2015 ж.№381 бұйрығы.*
**5. Тіркеу нөмірі № 173.** *«Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету қағидалары» ҚР ІІМ 30.12.2014 ж.№347 бұйрығы.*
**6. Тіркеу нөмірі № 115.** *«Кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құрылымдарының қауіпті өндірістік объектілерді иеленетін және (немесе) пайдаланатын ұйымдарға қызмет көрсету қағидалары» ҚР ІІМ ТЖК 20.01.2016 ж.№29-5-1/167 бұйрығы.*

***<u>Қосымша әдебиеттер:</u>***

*1. «Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ.*

# 222 - ТАҚЫРЫП. АҚ БОЙЫНША ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ТАҢБАЛАР. ТОПОГРАФИЯЛЫҚ КАРТАҒА ЖАҒДАЙДЫ ТҮСІРУ

**222-тақырып «АҚ бойынша шартты белгілер және таңбалар. Топографиялық картаға жағдайды түсіру»**



**Оқу сұрақтары:**
**1. Топографиялық карта.**
**2. Топографиялық картаның масштабы.**
**3. Картаның ресімдеу талабы.**
**4. Шартты белгілер және оларды картаға түсіру тәртібі.**



## Азаматтық қорғаныс жүйесіндегі картаның арналуы

- **Азаматтық қорғаныс бастығының жұмыс картасы**
- **Топографиялық карта** - жергілікті жерде АҚ іс-әрекетінің күшімен, құралдарымен байланысты АҚ бастығы мен барлық деңгейдегі АҚ штабтарының әртүрлі міндеттерін шешу үшін кеңінен қолданылады. **Карта бойынша белгілі бір жерді таниды және бағалайды, сол жерді бағдарлайды, позиция координаттарын және мақсаттарды анықтайды, әртүрлі инженерлік-техникалық есептерді орындайды.**
- **Жұмыс картасы** — бұл АҚ бастығы (штаб бастығы) графикалық шартты белгілердің көмегімен және жазумен түсіру арқылы ТЖ болу қауіпі мен пайда болған кезде АҚШЖ жүргізу кезінде тактикалық немесе арнайы жағдайды түсіретін топографиялық карта. АҚБ жұмыс картасы бойынша жағдайды танып, бағалайды, шешім қабылдайды, қоластындағыларға міндеттер қояды, бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастырады, мақсаттан қояды, ТЖ-ның таралуы туралы баяндап отырады.
- **АҚ бастықтары** масштабы төмендегідей топографиялық картамен жұмыс істейді.
- 1 : 50000 немесе 1 : 100000. Бірнеше жағдайларда, мысалы су кедергілерін жылдам алып тастау кезінде, командирер масштабы ірілеу картаны қолданады, ал ірі тұрғылықты жерлерде АҚШЖ жүргізу кезінде – масштабы 1:10000 немесе 1:25000 қала жоспарларын пайдаланады. Бөлімшелерді топографиялық картамен жоғары тұрған штабтар қамтамасыз етеді. АҚҚ командирлері АҚ штабында картаны алдын ала алады немесе оларға әскери міндеттермен қатар береді..

## ҚР ТЖ бойынша министрдің 2010 ж. 26 қаңтар № 24бұйрығы

- Топографиялық жұмыс картасын ортақ ресімдеуді анықтау үшін ҚР ТЖ бойынша Министрлігі жұмыс картасын ресімдеу талаптарын әзірледі.
